

Астықты сақтау жөніндегі жағдайды тұрақтандыру шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 17 желтоқсандағы N 368

Астықты сақтау жөніндегі жағдайды тұрақтандыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеті он күндік мерзім ішінде астықты сақтау, тазалау және кептіру қызметтеріне арналған шығындардың құрамы туралы салалық жай-күйлерді ескере отырып, аталған жағдайды асыра пайдаланудың жолын кесу мақсатында, жергілікті рыноктарда үстем жағдайға ие элеваторлардың қызметі үшін ақы төлеуді тексерсін.

2. Облыстар мен аудандардың әкімдері ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің шаруашылық қызметіне араласпасын. Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық комитеттер жергілікті атқарушы органдардың сатылатын астыққа баға белгілеуі, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне оның сақталуы тиіс элеваторларды көрсетуі, ауданның немесе облыстың аумағынан астықты әкетуге тыйым салуы фактілері анықталған жағдайларда монополияға қарсы жауап шараларын қабылдасын.

П р е м ь е р - М и н и с т р